



Бекітемін:
Меңгіл директоры м.а.
Мадьярова А.М.

Келісемін:
Оку ісінің менгерушісі:
Исмагулова А.Б. Айнур

ӘБ жетекшісі: Айнур
ӘБ отырысында каралды
Хаттама №1

«Ойла, сөйле»

2 сынып

Мұғалім: Уразбекова А.А.

2024-2025 оқу жылы

Обаған ауылы


УДК 371.214

ББК 74.202

М79

МУРЗАГАЛИЕВА САЛТАНАТ ДАМИРОВА ИСКАБУЛОВА ЛЯЙЛЯ САЙЛАУБАЕВНА
ОЙЛА, СӘЙЛЕ

ISBN 978-601-312-680-7



ISBN 978-601-312-680-7



9 786013 126807

Түсінік хат

Қазіргі кезеңдегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыда сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауга қабілетті болуын талап етеді. Сондықтан да оқушылардың шығармашылық ойлаудың дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін, өз бетінше білім алу дағдысын қалыптастыру, математикалық білім деңгейін тереңдету және оларды болашақ маман ретінде даярлау үшін математика ғылымының салаларын тереңдетіп оқытудың жолы ерекше.

Шығармашылық—бұл адам іс-әрекетінің түрі, бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануга үмтілуды, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек. Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік епереді. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісін алғашқы сатыларының бірі болып табылатын бастауыш мектептің алатын орны ерекше, ейткені бастауыш мектеп:

1. Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға өзінің қызығушылықтарымен бейімділіктерін іске қосуға жағдай жасайды.
2. Жеке адамдық сенімдерін қалыптастыруға жағдай жасайды.
3. Ұжымдық және жеке іс-әрекеттер тәсілдеріне үйретеді.

Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай жасайды. Кіші жастағы баланың окуға, окуарқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкіндіктер бар.

Шығармашылық сабактардың оқушылар үшін мынадай маңызды жақтары бар:

- оқушының танымдық іздемпаздығы қалыптасады;
- сұрақтарды, мәселелерді терең талдауға үйренеді;
- шығармашылық ой — өрісі артады;
- кітаппен жұмыс, көркем және ғылыми әдебиеттер, баспа материалдармен жұмыс істеу біліктерін қалыптастырады;
- ұжымдық ой — пікірлері жетіледі, топ мүшелерін пікірлерімен ортақ тұжырым жасауға үйренеді;
- мұғаліммен оқушылардың қарым — қатынасы ынтымақтастыққа болып, сенімділіктері артады;
- оқушы өз ойын еркін айтуда, сөз мәдениетіне үйренеді;
- білімін жүйелі турде толықтыруға;
- өз әрекетіне сын тұрғысынан қарауда;
- тұжырым жасап қорытындылауда үйренеді;
- оқу міндеттерін тиімді шешу мүмкіндігін тудырады.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттің арттырып, ынталандыру үшін сабактарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабакта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабакты түрлендіріп өткізу;
3. Сабакта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабакта қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Талантты балалардың өмірінде және іс — әрекетінде байқалатын ерекшелік белгілері айқындалған. Мұндай белгілерді балалардың іс — әрекет ерекшеліктерін бақылаган кезде баяндауда болады. Шығармашылық дарындылықтың белгілері әртүрлі болатындығы қызындық туғыздады және де олар әлеуметтік оргамен тығыз байланысты. Бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттілікі оку әрекетінде көрінеді. Сондықтан әр бала

бойындағы шығармашылық қабілеттері оқу әрекетінде көрінеді. Сондықтан әр бала бойындағы шығармашылық қабілеттерін бағыттаң, тәрбиелу қазіргі таңдағы ата — ана мен мұғалімнің тарарапынан қолдау тауып отыруы қажет.

Бастауыш сыйнып окушыларының қиялы әдептегіден тыс, ерекше. Олар естіген әңгімелер, ертеңі желісімен өзі де оларды құрастыра алады. Сондықтан мұғалім ертегіні немесе әңгімені бастап беріп, оны аяқтауга окушыга тапсыратын болса, балалар оны аяқтаудың түрлі жолдарын жақтаудың көмекшілерінде.

Окушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсү үшін шығармашылық қабілеттерін сабакта және сабактан тыс уақытта дамытуда мен мынадай әртүрлі әдіс — тәсілдерді қолданамын.

Олар мыналар:

1. Мәтін, ертеңін, әңгімені өз ойларымен аяқтау. Мысалы: Қайсар атасымен қыдырып жүреді. Кенет кой қора жақтан тутіннің ісі келді. Қараса, кой қора өртеніп жатыр екен.

— Қайсар не істеді?

Бұл мәтінді бір — екі бала былай деп аяқтапты.

Қайсар жүгіріп барып, өрт сөндіргіш машинасын шақырды. Жан — жақтан көмекке адамдар да келді. Өрт сөндірушілер мен көршілердің көмегімен өртті шығынсыз өшіріп алды. Қайсардың елгезектігіне атасы риза болды. Қайсар ойланбастан қорага жүгіріп кірді де, қойларды айдалап шықты. Сол кезде қораның үсті құлап түсті. Қайсар қойларды аман алғып қалды. Шопан Қайсарға ризашылығын білдіріп, қошақан сыйлады.

2. Ақын, жазушылардың мәтіндерін басқаша аяқтау.

Мысалы: Шона Смаханұлының (Тәкаппар) мысалын Әлібек былай аяқтады:

Балықты жағада ойнап жүрген Аскар тауып алды. Оның жағдайын көріп аяп кетті. Оны жүгіріп барып тенізге салып жіберді. Содан бері балық өзінің туған тенізін ешқашан жамандамайтын болыпты.

3. Белгілі макал негізінде әңгіме жазғызу.

4. Мәтін бойынша мақал құрастыру.

5. Табиғат құбылыстарына, заттарға жұмбактар құрастыру.

Мысалы: Дидардың құраган жұмбағы:

Өзі жас, мұртты

Сүтті ұрлап ішті. /мысық/

Әр үйде белін буған бір пысық бар. / сыпыртқы/

6. Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

7. Шығарма, мәтін құрастыру. Такырып бойынша. Жоспар бойынша. Тірек сөздер арқылы

8. Өлең құрастыру. Дайын өлең жолдарын бір, екі жолын беру арқылы.

Дайын ұйқастарды ұсыну арқылы.

9. Шығармадағы әңгімеге үкссас оқиғалар айтқызу.

10. Қөлемі үзақ шығармаларды жоспар құру арқылы қысқартып әңгімелету.

11. Кейіпкерлерге мінездеме бергізу.

12. Шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу.

13. Рөлге бөліп оқыту.

14. Логикалық ойлаудың дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу
(анаграмма, сөзжұмбақ, ребус, құрастырмалы ойындар т. б.)

15. Қайталау сабактарында, оқыған мәтіндері бойынша өз беттерінше тест тапсырмаларын құрастыру.

16. Белгілі ақын, жазушы шығармасына елікстеп өлең, әңгіме, ертегілер жазғызу т. с. с.

Бағдарламаның мақсаты: Окушылардың ана тіліне қабілеттін, қиялын, ойлаудын, есте сақтаудын, шығармашылық дағдыларын дамыту.

Бағдарламаның міндеті:

- Оку сапасын (дұрыс, түсініп, шапшан, мәнерлеп) жетілдіру;
- ақын –жазушылардың балаларға арналған шығармаларының атын, жетекші тақырыбын, басты кейіпкерлерін, негізгі мазмұнын білгізу;
- Окушы қиялын, тіл байлығын, сөздік қорын, есте сақтау қабілеттін ұштау;

Бағдарламаның өзектілігі:

1. Білім беру процесінде жауапкершіліктің бір бөлігін окушылардың өздеріне жүктеу.
2. Баланың білім мен білігін қалыптастыру үшін - айналадағы адамдар мен әлеуметтік қарым – қатынаска түсу.

Окушыларды әдебиетке баулуда оқушы мен мұғалім, оқушы мен ата – ана арасында байланыс нығайып, көрген – білгенді көкейге токып, көп үйреніп ізденудің арқасында шебер сөйлеуге жаттығып, танымдық, шығармашылық қабілеттері артады. Ал, тәжірибе көрсеткендей, шығармашылықпен жұмыс жасаған окушының дүниетанымы артады.

Күтілеттің нәтиже:

1. Окушылардың пәнге деген танымдық, шығармашылық қабілетті дамып, сабакқа деген қызығушылықтары оянып, ынталсы дами түсті.
2. Білуге , үйренуге деген қызығушылықтары артты, ата-ана тарарапынан баласына керекті кітаптарды тауып беріп, көмек көрсету жақсарды.
3. Кітапханамен тығыз байланыс орнады.
4. Окушылардың дүниетанымы кеңейіп, сөздік қоры , ойлау қабілетті артты.
5. Окушылардың ізденімпаздығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауға дағдыланды.
6. Эр тақырып бойынша қосымша ізденіп оку керектігіне дағдыланып, шапшандыққа, жинақылыққа , бәсекелестікке қабілеттілігі артты.
7. Республика, облыс, аудан көлемінде танымал , белгілі жерлес қайраткерлеріміз туралы кеңірек тани отырып, сөз маржанын теріп, мағынасына терең бойлап, жүйелі сөз , ақылды ой айта білуге үйренді.
8. Окушыларда өздеріне деген сенім, үлкен жауапкершілік пайда болды. Өздерін дара тұлға ретінде сезініп, көп білуге ізденеді, қиялдары артады.
1. Тақырыштың мазмұнын ашуда бір-бірімен ұжымдық қарым- қатынас жасайды.
2. Сауатты жазуға үйренеді.
3. Жүйелі сөйлеуге;
4. Әсерлі баяндауға;
5. Ауызша сейлеуге дағдыланады.
6. Өз ойын дұрыс жеткізеді
7. Қажетті ақпаратты қолданады.
8. Окушыларда өзіндік көзқарас қалыптасады.

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

34 CAFAT

<i>№</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Сағат саны</i>	<i>Мерзімі</i>
1-2	Қазақстан -біздің Отанымыз. Туган өлкем-Қостанай	2	
3-4	Асыл сөз. Ел аузынан Нақыл сөздер жазу	2	
5-6	Шешендік сөздер	2	
7-8	Ертегі құрастыру	2	
9-10	Білімді мыңды жыгар Мақал –мәттел жазу	2	
11-12	Туган жердің табиғаты Эссе	2	
13-14	Туган елдің ұлы тұлғалары Өлең шығару	2	
15-16	Жирение шешен Сөзжұмбақ құрастыру	2	
17-18	Майдангер ата ерлігі. Бауыржан Момышұлы Эссе жазу	2	
19-20	Жақсы мен жаман Әңгіме жазу	2	
21-22	Еңбекті сүйсен. Еңбекпен тапқан тынын Мақал-мәттелдер	2	
23-24	Б.Майлин өлеңдерін жатқа оқу	2	
25-26	А.Байтұрсынов өлеңдерін жатқа оқу	2	
27-28	Төле би, Қазыбек би, Әйткең билердің шешендік сөздері	2	
29-30	Батырлар жыры Өлеңдер жаттау	2	
31-32	«Ұшқыр ой мен шешен тіл» зияткерлік сайысы	2	
33-34	« Әр бала – болашақ данышпан » интеллектуалдық сайыс		
<i>Барлығы 34 сағат</i>			